

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«ҚОШКЕ КЕМЕНГЕРУЛЫ
АТЫНДАҒЫ №49 МЕКТЕП-
ГИМНАЗИЯ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-
ГИМНАЗИЯ №49 ИМЕНИ
КОШКЕ КЕМЕНГЕРУЛЫ»
АКИМАТА ГОРОДА АСТАНА

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы 07 ақпан

№ 10

Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы

Астана қаласының Білім басқармасының «Заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы» 2025 жылғы 07 ақпандағы №243 бұйрығын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ата-аналардан (заңды өкілдерден) мыналар: жөндеу жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлықтар беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, әртүрлі мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттарға ақшаны жинауға үзілді-кесілді қатаң тыйым салынсын.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Лекерова:

- педагогикалық ұжым мен ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың, мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін:

- ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген директор орынбасарларына, есепшілеріне, сынып жетекшілеріне, мұғалімдеріне, әдіскерлеріне және тәрбиешілеріне шара қолданылсын.

3. Бұйрықпен барлық қызметкерлер таныстырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ж.А.Сейдуллаев